



ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 02 (7789)
Сәрсенбі,
7 қаңтар 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

АРАЙ

ЖАҢАЛЫҚТАР

♦ РЕСПУБЛИКАДА

**2015 жыл —
Қазақстан халқы
Ассамблеясының
жылы деп
жарияланды**



Елорда Қазақстан Ассамблеясының XXI сессиясы Бейбітшілік және келісім сарайында «Қазақстан-2050 стратегиясы»: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті» атты күн тәртібімен өтті.

Күні кеше Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясы барысында 2015 жылды — Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жариялады. Еліміздің түкпір түкпірінен жиылған әр ұлттың өкілі мұны зор ықыласпен қуаттады. Сөз арасында Елбасы 2015 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының және Ата заңымыздың 20 жылдық мерейтойы атап өтілетіндігіне ерекше тоқталды. «Қазақстан халқы Ассамблеясы барша халықты Конституцияға дауыс беруге шақырған тұңғыш институт болатын. Мен мұны еш ұмытпаймын, осыған дән ризамын. Сондықтан да келесі 2015 жылды — Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жариялаймын», — деді мемлекет басшысы. Бұл ретте Елбасы еліміздегі 2015 жылы өткізілетін барлық шараларды осынау маңызды мерейтой аясында жүзеге асыру керектігін айтты. «Үкіметке Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесе отырып, Ассамблеяның және Конституцияның 20 жылдығы мерейтойын өткізу бойынша ұлттық іс-шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырамын», — деді ҚР Президенті. Сондай-ақ Елбасы Астана қаласында Қазақстан халқының форумын өткізуді жүктеді.

inform.kz.

7 қаңтар - Рождество мейрамы

Құрметті катонқарағайлықтар!

Сіздерді православиелік христиандардың жарқын қуаныш және игі үміттер сыйлайтын, адамдардың жүрегіне махаббат пен ізгілік нұрын себетін Рождество мерекесімен құттықтаймыз!

Бүгін бұл мерекені православиелік христиандармен бірге барша қазақстандықтар мерекелеуде. Көпұлтты Қазақстанда дәстүрлі діндер бір-бірімен татулықта өзара әрекет жасап келеді. Біз көптеген діни мерекелерді бірге атап өтеміз. Мемлекеттің азаматтардың діни сезімдеріне құрметпен және ұқыпты қарауы — біздің еліміздегі конфессияаралық келісімнің маңызды негіздерінің бірі. Әрбір азаматқа өз дінін ұстануға елімізде барлық жағдай жасалған.

Құдай жолымен өмір сүру — Отан игілігі үшін жанқиярлықпен еңбек етуді, жер бетінде бейбітшілікті сақтауды, мұқтаж адамдарға өзінің қамқорлығын шексіз беруді білдіреді. Осынау адамгершілік заңы біздің халқымыздың да қанына мықтап сіңген. Міне, сондықтан да діндер арасындағы өзара түсіністік, бауырластық, төзімділік көпұлтты еліміздегі бейбіт өмір орнатуда қалыпты жағдайға айналды. Мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаевтың сарабал саясатының арқасында тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап, 130 ұлт пен 40-тан астам конфессия өкілдері тұратын елде ұлтаралық және дінаралық қарым-қатынас саласында бейбітшілік пен келісім орнады. Рождество әлемнің 145 елінде мемлекеттік мереке болып табылады. Қазақстанда 2005 жылы заңнамаға өзгерістер енгізіліп, соған сәйкес православиелік Рождество демалыс күні болып жарияланды. Жақынымызға, өз халқымызға, өз елімізге деген махаббат әрқайсымыздың жүрегімізде нығайсын және әрқашанда біздерді біріктірсін. Сіздерге, рухани байлық, барлық ізгілікті бастамаларыңызға ізгі жақсылықтар тілейміз!



Қалиқан Байғонұсов, аудан әкімі.
Дүйсен Бралинов, аудандық мәслихат хатшысы.

■ Мереке қарсаңында

АУДАН ӘКІМІ МАЙДАНГЕРЛЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Майдан даласында төгілген қанымен, маңдайының терімен «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейбіт заманды бізге сыйға тартқан соғыс және еңбек ардагерлерінің алдында біз үлкен қарыздармыз. Сүйікті де қасиетті Ота ны, сары бала мен қара қазанның қамы үшін оққа да отқа да барған майдангер ағаларымыз бен әкелеріміз, аталарымыз қандай да болмасын сый-құрметке лайық. Жаңа Жыл қарсаңында аудан әкімі Қалиқан Байғонұсов, Катонқарағай

ауылдық округінің әкімі Амантай Балтабаев майдангерлер Қабдраш Алипіннің, Қадылбек Шатанов пен Мәлғаждар Байғазиннің үйлеріне арнайы барып, мерекемен құттықтап, ардагерлерге Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың және өзінің құттықтау хаты мен сыйлықтарын тапсырды. Сонымен бірге Қалиқан Байғозыұлы өз ұсынысымен «Арай»-«Луч» ЖШС-нің майдангерлерге бір жыл бойы аудандық газетті тегін жаздырып, таратып беретінін де айтып өтті.

Мемлекет және аудан басшысына риза болған ардагерлер мен олардың отбастары өздеріне тұрақты түрде жасап отырған қамқорлықтары үшін зор алғыстарын айтып еліміздің одан сайын дамып, гүлдене беруін, жеке бастарының амандығы мен денсаулықтарының мықты, еңбектерінің жемісті болуын тілеп ақ баталарын берді.

Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.

■ Ресми бөлім

ЖАҢА БАҒДАРЛАМАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН БОЛАДЫ

Таяуда «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының отырысы залында жер өңдеумен шұғылданатын ауылшаруашылығы құрылымдары басшыларының жиыны өтті.

Күн тәртібінде тек бір мәселе: ауылшаруашылық құрылымдарында шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын құру.

Ауылшаруашылық құрылымдары басшыларының айтуынша, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізгенде агроклиматтық жағдайларда және аумақтардың ерекшеліктерін, агрохимиялық картограммалар мен себу айналымдарын, ауылшаруашылық дақылдарының сорттық және биологиялық ерекшеліктерін, жер өңдеу технологиясын таңдамайынша, жоғары өнім алу мүмкін емес.

Фермерлік шаруашылықтар ағымдағы жылдың кірісін есептей отырып, көпшілік жағдайда, бірнеше жыл қатарынан егістіктерге тиімді, монодақылдарды себеді. Жер қыртысындағы құнарлы заттарды қалпына келтіру үшін, себу айналымдары қолданылмайды және игерілмейді, органикалық және

минералдық тыңайтқыштар, сидераттар қолданылмайды. Тұқым әзірлеу жұмысы да немқұрайлы жүргізіледі.

Ауылшаруашылық дақылдарының жалпы мөлшерін және өнімділікті арттыру, болашақта жер құнарлығын сақтап қалу мақсатында шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасы бойынша жұмыстарды жүргізу қажеттілігі туындауда.

Шығыс Қазақстан облысында небәрі 3 құрылымдық бірліктің ғылыми-негізделген шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын құру бойынша сертификаттары бар. Олардың ішінде — «Геополис» ЖШС-і.

Жиынға аталмыш ЖШС-тің мамандары шақырылды.

«Геополис» компаниясы жұмыс тобының мүшесі, ШҚО бойынша жер өңдеу бөлімінің бұрынғы басшысы Е. Қашқымбаев шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасының маңызы мен қажеттілігін түсіндірді. Сонымен қатар, ол 2014 жылдың 29 мамырындағы ҚР Үкіметінің «Егін шаруашылығы өнімдерінің сапасы және өнімділікті арттыру, жанар-жағар майдың бағасы және көктемгі егіс және орақ

науқанын өткізуге қажетті басқа да тауарлы-материалдық құндылықтар, жәрдемқаржы бөлу арқылы негізгі дақылдарды өндіру және қорғалған жер қыртысында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге жұмсалатын шығындар Ережелерін бекіту туралы» №575 Қаулысы туралы айтты.

Жиыннан соң, аудандағы 12 ауылшаруашылық құрылымдарының басшылары «Геополис» ЖШС компаниясымен шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау бойынша келісім-шартқа қол қойды. Бір жобаны жасауға үш айға дейін уақыт қажет.

Қалған шаруашылық басшыларының өтініші бойынша Геополис ЖШС-нің мамандары 2015 жылдың басында келетін болды. Олардың келетін күні алдын-ала анықталады.

Ауданда жер өңдеудің алдын-ала құрылған бағдарламасы бойынша тағы да он екі шаруашылық жұмыс істейтін болады.

Мырзауали Жақитов,
аудандық ауылшаруашылығы
және ветеринария бөлімінің егін
шаруашылығы бойынша
бас маман.

Катонқарағай ауданы әкімінің 2015 жылғы 27 қаңтар 5 ақпан аралығындағы халықпен кездесу кестесі

Катонқарағай ауданы әкімінің және ауылдық округ әкімдерінің есебіне тұрғындардың ұсыныстарын, пікірлері мен сын-ескертпелерін жиюға арналған жәшікшелердің орналасу орны туралы ақпарат

Аудан атауы	Әкімнің А.Ж.Т.	Кездесу өткізетін уақыт	Кездесу өткізілетін орын
	Байғоңұсов Қалиқан Байғозыұлы	27.01.2015 жыл сағат 10.00	Солдатово ауылдық округі, Солдатово ауылы, мектеп ғимараты
		27.01.2015 жыл сағат 15.00	Белқарағай ауылдық округі, Белқарағай ауылы, ауылдық клуб ғимараты
		28.01.2015 жыл сағат 10.00	Солоновка ауылдық округі, Солоновка ауылы, мектеп ғимараты
		28.01.2015 жыл сағат 15.00	Новополяковка ауылдық округі, Новополяковка ауылы, мектеп ғимараты
		29.01.2015 жыл сағат 10.00	Жамбыл ауылдық округі, Жамбыл ауылы, ауылдық клуб ғимараты
		29.01.2015 жыл сағат 14.00	Өрел ауылдық округі, Өрел ауылы, ауылдық клуб ғимараты
		30.01.2015 жыл сағат 10.00	Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылы, мектеп ғимараты
		30.01.2015 жыл сағат 15.00	Коробиха ауылдық округі, Коробиха ауылы, мектеп ғимараты
		03.02.2015 жыл сағат 10.00	Аққайнар ауылдық округі, Аққайнар ауылы, ауылдық клуб ғимараты
		03.02.2015 жыл сағат 15.00	Катонқарағай ауылдық округі, Катонқарағай ауылы, Мәдениет үйі ғимараты
		04.02.2015 жыл сағат 10.00	Ново-Хайрузовка ауылдық округі, Ново-Хайрузовка ауылы, ауылдық клуб ғимараты
		04.02.2015 жыл сағат 15.00	Алтынбел ауылдық округі, Алтынбел ауылы, ауылдық клуб ғимараты
		05.02.2015 жыл сағат 11.00	Үлкен Нарын ауылдық округі, Үлкен Нарын ауылы, аудандық Мәдениет үйі ғимараты

Жәшікшелер орналасқан жер	Мекен-жайы
Катонқарағай аудан әкімі аппаратының ғимараты	Үлкен Нарын ауылы Абылайхан көшесі, 102
Үлкен Нарын ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Үлкен Нарын ауылы Абылайхан көшесі, 116
Ново-Хайрузовска ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Ново-Хайрузовка ауылы Школьная көшесі, 4
Солоновка ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Солоновка ауылы Советская көшесі, 38
Ново-Поляковка ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Новополяковка ауылы Школьная көшесі, 1
Алтынбел ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Алтынбел ауылы С. Сейфуллин көшесі, 1
Солдатово ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Солдатово ауылы Молодежная көшесі, 2
Белқарағай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Белқарағай ауылы С. Жунусов көшесі, 42
Катонқарағай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Катонқарағай ауылы Жампеисов көшесі, 19
Өрел ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Өрел ауылы Қабанбай батыр көшесі, 33
Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Жамбыл ауылы Жастар көшесі, 1
Аққайнар ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Аққайнар ауылы Абай көшесі, 15
Коробиха ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Коробиха ауылы, Заречная көшесі, 1
Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Ақсу ауылы, Абай көшесі, 23/1

Р. Құрмамбаев, аудан әкімі аппаратының басшысы.

■ Ардагер туралы

ЕРЕН ЕҢБЕКТІҢ ИЕСІ

Талай дүрбелең оқиғалардың куәсі болған, бүгінде көненің көзіндей ортамызда жүрген, ел қадірлеген, ауылдастарына сыйлы қарияларымыз баршылық. Солардың бірі – Алтынбел ауылының тұрғыны, жасы сексенге таяған Тоқтарбек Ошанов. Немере-шөберелерін қызықтап отырған ақсақалды әңгімеге тартқан едік. Атамыз ғасырға жуық өмір жолына көз жүгіртіп, қайта оралмас кезеңдерін еске алды.

Ол 1939 жылы Үштөбе ауылында қойшының отбасында дүниеге келген. Жергілікті мектептен білім алған соң, ол 1953 жылдан бастап, әкесінің қасында көмектесіп жүріп, шопан еңбек жолын бастайды.

Т.Ошанов бұрынғы Ленин атындағы колхозда 45 жыл шопан болған. Шопан болғанда да қатардағы жай шопан емес, ұжымшар, аудан бойынша үздік атанып, талай марапаттауларға ие болған шопан еді.

Ақсақалдың әңгімесін тыңдап отырып, сол кездегі ұжымшар жұмысшыларының күнделікті еңбектерінің қандайлықты қиын болғандығын аңғардық.

–Қиын кездер де болды. Құрғақшылық жылдары жем-шөп жетпей қыстай қойды тауға жайған күндеріміз болды. Аяққа тақа байлап алып, жаяу да жайдық. Алпысыншы жылдардың аяғында ғана қойды қыста жайғанды қойып, ол шөпке тұратын болды.

Ерекше бір есімде қалғаны, 1966 жылы ересен мол қар жауып қалды. Ал біз қоймен тауда болғанбыз. Содан ойға түсу керек, ал қойлар қалың қармен жүре алмай бір орында тұрып қалды. Колхоздан көмек келгенше дейін, біз бәйбішем және көмекші шопан үшеуіміз жүгімізді шаналарға тиеп, салт атпен алда мен жүріп, жол салып отырдым. Артымнан екі-үш ірі-қара малымыз, ал сол ізбен 600 бас қой бірінен соң бірі жүріп отырды. Әр жерде көшкілер түсіп жатты, алайда біз тәуекелге салып, жолымызды жалғастыра бердік. Бір кезде бір таудың етегімен өтіп бара жатқанда, дәл артымда үлкен көшкі түсіп, қойларды басып қалды. Арттағыларды тексерейін деп, тау болып жатқан қарды омбылап зорға дегенде жетсем, бәйбішем жылап отыр, сөйтсем, ол мені көшкі астында қалып қойды деп отыр екен. Ал мен олардың аман қалғандарын көріп, қуанып жатырмын. Содан біз қалған қойды жинай бастадық, 49 бас жетпеді, көшкі астында қалып қойыпты, ал егер олар бірден емес топпен келе жатса, шығын одан да көп болар еді. Сол әдіспен екі күн дегенде ойға түсіп келе жатсақ алдымыздан ұжымшар техникасы жол салып, бізге көмекке келе жатыр екен, - деп еске алады ақсақал.

Бүгінде ауылына сыйлы азамат, мейірімді ата, қамқор әке болып, зейнетке шыққан шағында балаларының қуанышына бөленіп, немерелерінің қызығын көруде. Еңбек майданындағы еліне еткен жемісті еңбегі еленіп, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, ауылшаруашылық жетістіктер көрмесі (ВДНХ), «Еңбек ардагері» басқа да төсбелгілерімен марапатталған.

– Өмір болған соң жоқшылықты да, тоқтықты да, жақсыны да, жаманды да көрдім. Аллаға, тағдырыма ризамын, тек тілейтінім-халқымыз аман, еліміз тыныш болса екен, – деп сөзін аяқтады Тоқтарбек ата.

«Сарғайса да, газеттің ақ парағы, өткен күндер тарих болып сақталады» демекші, аудандық газеттің мұражай қорында сақталған сексенінші жылдардағы «Еңбек Туы» газетінде жарияланған сол кездегі аға шопан Т.Ошанов жайлы мақаладан үзінді келтірсек: «Мал шаруашылығының екінші санатты шебері Тоқтарбек Ошанов барлық көрсеткіштер бойынша төрт жыл ішінде бесжылдық жоспарды орындады. Ол өзіне жоғары міндеттер алған болатын: әрбір жүз қойдан жүз жиырма қозы алу және әр қойдан үш жарым килограмм жүн қырқып алу.



Атақты малшының жұмысына оның зайыбы Сақыш үлкен көмек көрсетуде. Олар ұзақ жылдар бойы қолұстасып еңбек етіп, үлкен жетістіктерге жетіп жүр».

Расында да отағасының еңбекте зор жетістікке жетуіне, үкіметтік наградаларға ие болуына зайыбы Сақыш апаның да қосқан үлесі аз емес. Үйдегі-түздегі шаруаны бірдей атқарысқан ол екі бала тәрбиелеп өсірген абзал ана. Бұл күнде ол өмірден озса да, енесінің тәрбиесін көрген келіндері оның жолын жалғастыруда.

Осы шаңырақтың түтінін түтетіп отырған ұлы Серік әкесінің жолын қуып, бірнеше жыл қыстақта мал бағумен айналысқан.

–Денсаулыққа байланысты бұл істі қойғамыз, бірақ қазір ата-баба кәсібін қайта қолға алу жайлы көп ойланып жүрмін. Сонымен қатар, бүгінде ауылда мал басын көбейтем дегендерге үкімет өз тарапынан, тиімді мемлекеттік бағдарламалар арқылы жан-жақты көмек көрсетуде, - дейді ол.

Жанар Қасымханова.
Фото автордікі және газет мұражайынан.

■ Әуесқойлық

Тұлдар, інжу, лимон...

немесе Өміріңізді сәнді өткізе біліңіз!

Катонқарағай ауылының тұрғыны Любовь Ивановна Шершневаның шыршасын жаңа жылдық ойыншықтармен безендіру қажет емес – ол онсыз-ақ, өздігінен дайын әшекейдей. Өйткені, ол түрлі-түсті моншақтардан жасалған.



Мамандығы бойынша ұстаз Любовь Ивановна өзінің бар бос уақытын моншақтасу мен үйіндегі гүлдерінің күтіміне арнайды.

-Барлығы мынадан басталып еді. Жаңбырлы күннің бірінде қызым Оля екеуіміз үйде отырып, айналысар жұмыс болмай қалды, - деп әңгімелейді Л.Шершнева. – Сондықтан, моншақтан, ине мен сымнан «ақша ағашын» жасап көруді шештік. Түсті моншақтарды егжейлеп отырып жіпке тізіп, оның «сабағы» мен «бұтақтарын» тоқыдық, қақтама (фольга) қағазға оралған тиындарды ілдік...

Уақыт өткен сайын бұл әуесқойлығы қызықты ермегіне айналды. Любовь Ивановна моншақтасу ісімен шұғылданатын қолөнер шеберлері бас қосатын ғаламтор-бірлестіктеріне қосыла бастайды. Тәжірибе жинақтап, өзінің сәтті шыққан туындылар суреттерін көрермен назарына ұсына отырып, байқауларға қатысады, өзінің әуесқойлық -альбомын бастайды.

Әрине, суреттер, шынайы өмірде байқауға болатын бүкіл сұлулықты жеткізе алмасы анық. Тіпті жұпыны жасалған гүл де, көзге ерекше ілінеді. Ал тұтас гүл шоқтары, жаңа жылдық шырша мен ағаштар, панноның жөні тіптен бөлек. Бұйымдарының көбін туыстарға, достар мен таныстарға сыйға тараттым, қазір тек альбом мен ғаламтордағы фотосуреттер ғана қалды.

-Мен бұл заттарды жасағанда, ішкі жандуиым жай тауып, демалып қаламын, - дейді Любовь Ивановна. – Әрине, көзілдірікпен жұмыс істеймін, көз жанарымның күшін саламын. Заманауи маржантасуға арнайы қажетті құралдар мен жабдықтар жетерлік, алайда мен барлығын қолыммен істеймін. Тек осылайша ғана жұмысқа бар ынта-жігерің мен жаныңды беруге болады.

Любовь Ивановнаның уақытының басым бөлігі үй гүлдерінің күтіміне де кетеді. Шершнева-тар үйіндегі гүлдер елу құмырада отырғызылған және бәрі сантүрлі. Тек майда көк гүлдің (фиалка) ғана 15 түрі бар. Әрбір өсімдік - жекелей күтім мен мейірімді, аналық қамқорлықты қажет етеді. Оның айтуынша, бұл іспен шұғылдануы мектеп қабырғасынан басталған, ал сол ерте уақытта шәкіртінің бойында гүлдерге деген махаббатты ұялатқан адам, бүгінде құрметті зейнет демалысындағы, Зырян ауданында тұрып жатқан Лидия Демьяновна Карпенко болатын.

Любовь Шершнева гүлдерге ұқыпты қарап, әрі үнемі күтіп отырады. Суарады, жапырақтарына су сеуіп, тазалайды, артық өскіндерді қияды, құмыралардағы топырақты қопсытып, жұмсартады... Кейбірін үш айға дейін суармауға болады, ал кейбірі, мысалы, раушан гүлдерге – күнделікті күтім қажет.

Барлығы ықылас-ниетпен жасалынады. Таңертең тұра салып, гүлдерге келіп: «Әй, менің әп-әдемілерім, өздеріңді бүгін қалай сезінесіңдер?» Біреулерге бұл оғаш көрінуі мүмін, бірақ егер өсімдіктерге осындай қарым-қатынаспен қараса, олар жақсы өсетіндігі ғылыми түрде дәлелденген.

Көрнекі мысал ретінде лимонды алуға болады. Бүгінде әр үйде оңтүстік жақтан шыққан өнімнің барына ешкімді таң қалдыра алмайсың. Алайда Шершнева-тердегі цитрус ағашының көлемін көргенде, кез келген «мичуриндіктің» өзі таңдай қағар еді. Әр лимонның салмағы – жарты килограмға жуық! Үй иесінің айтуынша, олардың арасында ең ауыры 580 грамға жеткен.

Міне дәл жаңа жылдық дастарханға лайық осындай тағы біреу пісіпті.

ШЫҢҒЫСХАННЫҢ ПЫШАҒЫ

Осыдан бірнеше жыл бұрын жергілікті өлкетанушы Федор Шершнева Катонқарағай ауылының шығысындағы ипподромның маңынан Моңғол империясының негізін қалаушы, әлемді дүрсілкіндірген Шыңғысханның қанды жорықтары дәуіріндегі көне моңғол пышағын тауып алған.



Көне затты ұстап көрдім

-Пышақ жердің бетіне жақын жатыр екен,- дейді Федор Иванович. –Мен оны үйге алып келдім, ал екі-үш күннен соң, біздің ауылымыз арқылы профессор Зейнолла Самашев басқарған археологтар экспедициясы өтті, мен оларға тауып алған затымды көрсеттім. Сырт пішініне қарап, археологтар пышақтың моңғолдық екенін бірден айтты. Біраз уақыттан соң, мен оны облыстық өлкетану мұражайының мамандарына көрсеттім, атластың негізінде олар да пышақтың моңғолдық екенін және XIII ғасырдың заты екенін айтты. Тиісті тарихи әдебиеттерді зерттей отырып, мен пышақтың 1205 жылдың жазында меркиттер мен наймандардың біріккен әскерімен Шыңғысхан әскерінің негізгі шайқасы өткен жерден табылғанын түсіндім.

Мен көне моңғол шайқасына куә болған затты ұстау бақытына ие болдым. Салмағы – әжептәуір, оның ұзындығы 170 миллиметр, ал ұстарасының ені – 25 мм. Пышақтың арқалығы тік, сыртының қалыңдығы 2-6 миллиметрдей, сабы – 70 миллиметр, маралдың немесе сайғақтың мүйізіне бекітілген сыңайлы.

Пышақтың өзі өте сапалы болаттан жасалған екен. Өйткені, ол 800 жыл өтсе де, өзінің бастапқы пішінін жоғалтпаған... Демек, ол Моңғол ақсүйегінің. Кім білсін, мүмкін тіпті, Шыңғысханның өзінің болар, ол жас шағында қырғын шайқастың қақ ортасында өзі де жүрген екен. Өйткені, ол уақытта Моңғолдың ұлы басқыншысының есімі Шыңғысхан емес, Тэмуджин деп өз есімімен аталған.

Енді міне, пышақ менің қолымда...

Меркиттермен болған соғыс

Тэмуджиннің 1202 жылы әкесі Есугейді өлтірген татар тайпаларын қырғаны белгілі, онан соң, оған бөлек-бөлек болған көптеген моңғол тайпаларының әскерлері қосылады. Тэмуджин өз әскерін құрып, темірдей тәртіп орнатады. «Жаттығуға» шыққан оның әскері 1203-1204 жылдарда керейлер мен наймандарды, меркиттерді жеңіп қайтқан.

Меркиттердің ежелден соғысқұмар болғанын біз тарихтан білеміз. Меркиттер шапқыншылығының бірінде Тэмуджиннің әйелі Бөртені тұтқынға алады. Кейіннен, әрине, ол кереит тайпасының ханы (Ван-хан) Тогорилдың көмегімен, Буури-Хээрэ атты селенгин жазығында өткен ірі шайқастың кезінде құтқарылады.

Дегенмен, болашақ әмірші кек алу мақсатында меркиттерді қуғындауды тоқтатпады. Тіпті, анасы Оэлуунның осы тайпадан шыққанына да қарамады. (Айта кетерлік жайт, оның екінші әйелі – Хулан-хатун да осы меркит тайпасынан шыққан).

Екінші шайқас 1204 жылдың күзінде оңтүстік Бурятияның Харадал-Худжаур шатқалында болған. Мұнда меркиттер жеңіліп, тірі қалғандары қолбасшылары Тохтоа-бекпен бірге Байкал көлінің маңындағы әйгілі ел – Баргуджин-Токумға қашқан.

1205 жылдың көктемінде меркиттерге қарсы кезекті жорыққа даярланған Тэмуджин өз жоспарлары туралы анасына да, әйеліне де айтпаған. Тез арада жиналып, әскер солтүстік батысқа аттанған. Бірақ, жорыққа қаншалықты құпия даярланса да, әлдебіреу меркиттерге алдын-ала хабар берген көрінеді. Мұны білген меркиттер мал-жанымен моңғол ханының қаһарынан Оңтүстік Алтайға қоныс аударып, наймандармен бірігеді.

Өйтсе де, Тэмуджин қашқындарды Катонқарағай жазығында қуып-жетеді.

Өйткені, Тэмуджиннің әскері жеңіл-желпі жүкпен шыққан, әскерлер өздерімен тек қосалқы жылқылар ғана жетектеп шыққан.

Моңғол әскерінің қаһарына қарамастан, күштердің тепе-теңдігі оған пайда әкелмеді. Тэмуджинде небәрі 5 мың әскер болса, меркиттер мен наймандар бірігіп, 15 мыңға таяу әскер шығарды. Тохтоа-бек пен найман әміршісі Кучлуктың ойы – қуғыншыларды қоршап алып, қыру. Дегенмен, талантты қолбасшы бұл соғыста жаңа тәсілді байқап көрді, кейіннен бұл тәсіл оны көптеген жеңіске жеткізді.

Бұқтырмадағы ұрыс

Мұқият барлау, кенеттен шабуылдау, қарсыласының күшін бөлшектеуге тырысу, арнайы отрядтарды пайдаланып, торауыл құру және т.с.с. стратегия мен тәсіл ретінде қолданған.

Оның үстіне әскердің тәртібі өте қатаң болған және өткен ұрыстарда әбден шыныққан. Меркиттер

тағы да үлкен соққыға ұшырайды, осыдан кейін-ақ, оңала алмады. Тохтоа-бектің өзі қаза тапты.

Қатыгез әміршінің бұйрығын орындай отырып, моңғол әскерлері басым бөлігін наймандар құраған қарсылас әскердің қалған бөлігін Бұқтырманың сол жақ жағалауымен қасқырларша қуып, қазіргі уақытта өскемендіктердің «Стрелка» деп атайтын, Ертіске құятын жеріне дейін әкелген. Осы «Стрелкада» қыспаққа тап болған наймандар қуғыншыларға қатты қарсылық көрсетті. Көпшілігі қаза тапты немесе Ертістің суына батты. Ұрыс даласында қаза болған әскерлерді балыққа жемтік ретінде суға лақтырды.

Бас сауғалаған Кучлук өз адамдарымен Балхаш көлінің оңтүстік батысындағы қара-қытайларға келеді. Тохтоа-бектің ұлдары қыпшақтарды паналайды, өздерімен бірге әкелерінің басын ала кетеді. Олар қазіргі Жамбыл облысының Мерке ауылына тұрақтайды.

Осыдан кейін Моңғол әскерлері Ұлы Жібек жолының Солтүстік сағасымен еліне қайтады. Күз таяп қалған, тау асулары келер жазға дейін жабылып қалатынын Тэмуджин білетін.

...Бұқтырмадағы шайқастан соң, жарты жылдан кейін, 1206 жылдың көктемінде, Онон өзенінің басында өткен құрұлдайда Тэмуджинді ақ киізге отырғызып, көтеріп, барлық тайпалардың ханы етіп сайлайды және «Шыңғысханның» лауазымын алады. Моңғолия өзгереді: өзара жауласатын көшпелі тайпалар бір мемлекет болады. Шыңғысханның жаңа заңы – Яса күшіне енеді.

«Бауырластар зираты»

Ертедегі кеңестік тарихта Бұқтырма бойындағы ұрыс туралы мәліметтер өте аз. 1962-1965 жылдарда мұнда қазба жұмыстарын жүргізген археолог Сер-



гей Сорокин бұл оқиғаны анағұрлым ашып көрсетті. Дәл сол уақытта Катонқарағайдың маңында меркиттер мен наймандардың көптеген қорғандары табылды. Оларды қазу барысында археологтар ұзын орға тап болған, мұнда екі қатарға бастарын түйістіріп, бес қабат етіп көмілген әскерлердің мүрдeleri табылған. Осылайша, Сергей Сергеевич талқандалған меркит-найман әскерлерінің санын анықтаған. Ордағы сүйектер нашар сақталған, өйткені, олар жердің бетінде жатыр десе де болады. Олардың үсті тек диаметрі 20-30 сантиметр болатын тастармен ғана жабылған. Осыған қарағанда, қаза тапқандарды тірі қалған әйелдер мен қарттар, балалар көмген. Осы «бауырластар зиратында» моңғол найзаларының ұштары табылған. Олардың ерекшеліктері – бүйірлері қармақ тәріздес, денеге қадалған садақты шығару үшін, жараны тілу керек. Ал, ағашын тартсаң, ол жұлынады, ұшы адам денесінде қалып, тірі адамның жанын қинайды. Осының барлығы қарсыласын ұзақ уақыт қатардан шығару үшін жасалған. Бұл жолы Тэмуджиннің әскерлері жау әскерінің денесінен садақтың ұшын қалдырып, ағашын ғана жинап алған. Өйткені, қорғанда садақтың ағашы болмаған. Осыған қарағанда, садақтың ағашы ұшындағы темірден де бағалы болған сыңайлы.

Мұндай көптеген садақтар ұрыс даласында, жер бетінде жатыр. Қазір тот басқан сарғыш дақтар ғана оларды еске салады.


Материалдарды даярлаған: Шамиль Багаутдинов. Суреттер автордікі.

Жерлес ақын Төлеген Рахымжанов атындағы байқаудың қорытындысы шығарылды.

Жаңа Жыл мерекесі қарсаңында «Арай»-«Луч» ЖШС 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың ішінен дарынды, талантты азаматтар мен азаматшаларды анықтау, олардың қаламдарын ұштай түсу мақсатымен жерлес ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Төлеген Рахымжанов атындағы жарияланған байқаудың қорытындысын шығарды. Арнайы құрылған комиссия «Жырым сенсің туған жер», «Еңбек ер атандырады», «Еркін тақырып» сияқты аталымдар бойынша ауданның әр түкпірінен поэзия мен проза түрінде келіп түскен отыздан астам шығармаларды қарай келе бірде бірінің көркемдік және мазмұндық жағынан талапқа сай келмеуіне байланысты бірінші орынды ешкімге де бермеуді шешті. Сөйте тұрғанымен екі екінші, екі үшінші және ынталандыру сыйлықтарын белгіледі. Комиссия мүшелерінің бірауызды шешімімен екінші орындарды «Дара тұлғаның ұрпағымын», «Еңбек ер атандырады» деген суреттемелері үшін Әбдікерім атындағы Шыңғыстау орта мектебінің оқушысы Мерхат Манарбекұлы мен Садық Түкебаев атындағы Еңбек орта мектебінің оқушысы Есбол Карпатов иеленді. Үшінші орындарды топқайыңдық оқушы Баян Қадесова мен Үлкен Нарын ауылының тұрғыны Ақсенбі Тойлыбай еншіледі.

«Арай»- «Луч» ЖШС байқау жеңімпаздарын осы шығармашылық жетістіктерімен құттықтай отыра Жаңа Жылда да ақын Төлеген Рахымжанов атындағы жылсайынғы байқаудың жалғастырылатынын хабарлайды.

«Арай»-«Луч» ЖШС.



Құттықтаймыз!

Жамбыл ауылының тұрғыны Төлесов Орынбай Дісқақұлын 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!




Жан әке құтты болсын 60 жасың.
Біз үшін ардақты ғой алтын басың.
Немереден көріңіз шөберені,
Жыр алыбы Жамбылдың көріп

жасың.
Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп, шаттық өмір сүріңіз.
60-тың да асқарына жеттіңіз.
Енді жүзге құшақ сермеп шығыңыз.
Мереке күн нұрға толы жүзіңіз,

Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Бала шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Ізгі ниетпен: зайыбы, балалары, келіндері, күйеу баласы, немерелері, туған-туысқандары және құда-құдағилары.



Үлкен Нарын ауылының тұрғыны Қалиева Кенжегүл Васильевна- ны туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!
Үзілмесін өміріңнің жыр-әні,
Бақытыңның өрге тартып бұлағы.
Еңбегіңнің тек зейнетін көре бер,
Келер күннің сәулелі боп шуағы.

Ізгі тілекпен: АПБТ ұжымы.

Үлкен Нарын ауылының тұрғыны Қайсинов Жанболат Қабдрашұлын 7 қаңтар күні 50 жасқа толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Қарсы алғанда елеулі осы ер жасың,
Нұрландырып толтырасың төр басың.
Сендей жанға азсынбаймыз жүз жасты,
Мерейтойлар таба берсін жалғасың.
Қыдыр болып әрқашанда жолдасың,
Әр ісінді Алла өзі қолдасың.
Дариядай абыройың тасысын,
Бақыт нұры айшықтаған арңасың.

Ізгі тілекмен: зайыбы, балалары, жиені – Саян.

Күле отырайық!

Аттың сөйлегені

Бірде атты жолаушы келе жатқан, артында иті бар. Жолдан шаршаған ат жатақалып иесіне «шаршадым жүре алмаймын» дейді, аттың сөйлегенін естіген жолаушы - шошып тұра қашады, қашып келіп қамыстың арасында өкпесін басып отырып, «аттың сөйлегенін бірінші рет естуім» дегенде - қасындағы иті «мен де депті»!!!

Әже

Баяғыда бір апамыз жетінші күйеуге тиіп бара жатып:
-Өстіп жүріп бұзылып кетпесем болды ғой! - депті.

Бауырым Рахметолда Нұрқасұлына

Аузын ашса ар жағынан,
Көрінетін ақ жүрегі.
Оралған соң ауылына...
Күн секілді күлімдейтін,
Ренжігені білінбейтін,
Жаңа мектеп арманы боп,
Күндіз-түні көз ілмейтін.

Қатарынан жиырма жыл,
Басқарыпты мектебін.
Бір ауыздан сайлады ел,
«Депутат деп төрт дүркін».

Жиырма жыл бойы терді төккен,
Екі жылда бой көтерткен...
Білім берер ошақ көктеп,

Салынды ғой жаңа мектеп...

«Сабыр түбі – сары алтын» - деп
Сабырлы боп қалатын ед.
Бір адамға тік сөйлемей,
Аузына елді қаратып ең.

Ел басқарған байсалдым-ай,
Топты жарған жайдарлым-ай,
Бәрімізге ақыл берген,
Кере қарыс маңдайлым-ай.

Құс қанатты ғұмырың-ай
Биікте еді-ау тұғырың-ай.
Қарсы алдыңнан шыға келген,

«Алпыс алты» зұлымын-ай.

Айым шығып аспаным,
Күнім кетті-ау жерге батып.
Жоқ боп кетіп қас -қағымда,
Жанымызға тиді-ау қатты.

Жәннатта болсын сенің жаның,
Рахымы тисін бір Алланың.
Пайғамбар беріп шапағатын,
Періштелер қолтықтасын.

Апайы - Гүлнар Нұрқасқызы
Чернова орта мектебінің
мұғалімі.
Аққайнар ауылы.

Аққайнар ауылының тұрғыны, Қайыңды ауылының тумасы асқар таудай әкеміз,ардақты атамыз,тірегіміз, ақылшымыз болған **ӨСКЕНБАЕВ РАХМЕТОЛДА НҰРҚАСҰЛЫН** сұм ажал ойламаған жерден ортамыздан алып кеткеніне де міне 40 күн толады. Осыған орай әкемізді сағынышпен еске ала отырып, 15 қаңтарда сағат 12:00-де Аққайнар ауылының мәдениет үйінде әкеміздің

аруағына құран бағыштап, ас беретінімізді хабарлаймыз. Қайғымызға ортақтасып, көңілімізді жұбатқан барлық туыстарға, құдаларға, аудан азаматтарына,жолдастарына, мектеп ұжымына, ауылдастарға алғысымызды білдіре отырып, асқа шақырамыз.

Балалары мен туыстары атынан зайыбы - Гүлжан.



Үлкен Нарын ауылының тұрғыны болған асыл жар, қамқор әке **АБРАЙЫМОВ АСҚАТ АҚОШҰЛЫН** 8 қаңтар күні мезгілсіз дүниеден озғанына 1 жыл толуына орай сағынышпен еске аламыз. Азаматым – асқар тауым едің, Тауым құлады десем болар ма. Тамыры терең бәйтерек едің, Бәйтерегім құлады десем болар ма?

Аққу да ұшар сыңарымен,
Аққуым құлады десем болар ма?
Азаматым айбыным едің,
Айбынымнан айырылдым десем болар ма?
Ұрпаққа болдың бал бұлақ,
Балалар жетер бал құрақ,
Иманды болсын азаматым,
Басыңа жансын шамшырақ.

Еске алушылар: зайыбы, балалары.

Тікелей желі

Құрметті аудан тұрғындары!



2015 жылдың 8 қаңтарында сағат 11.00-ден 12.00-ге дейін «Тікелей желі» арқылы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы **Қалиахметов Бидахмет Қожахметұлына** және жұмыспен қамту орталығының директоры **Елубаева Сәуле Зарлыққызына, 2015 жылдың 15 қаңтарында** сағат 11.00-ден 12.00-ге дейін «Тікелей желі» арқылы сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы **Молдабаев Болат Адырышұлына** өз сауалдарыңызды **8723-41-2-11-53** (аудандық «Арай»- «Луч» газетінің редакциясы) жолдай аласыздар. Сауалдарды алдын ала да **2-19-79, 2-90-60** телефондары арқылы жолдауға болады.

Еске алулар

Катонқарағай ауылының тұрғыны, аяулы анамыз, ардақты әкеміз **МҰҚАНОВА ЧУБАН ЖАНҰЗАҚҚЫЗЫНЫҢ** дүниеден озғанына 40 күн толып отыр. Осыған орай, анамызды сағынышпен еске ала отырып, 11 қаңтарда Катонқарағай ауылдық қатымханасында марқұмның аруағына арнап құран бағыштап, ас береміз. Қырықкүндік асқа барлық туған-туысқандарды, құда-жекжаттарымызды, жора-жолдастарымыз бен ауылдастарымызды шақырамыз.

Еске алушылар: балалары мен немерелері.

Өрел ауылындағы «Балдырған» балабақша ұжымы осы мекеменің тәрбиешісі Шағалинова Гүлшатқа - **жолдасы**, шаруашылық меңгерушісі Ибраимова Айнұрға - **күйеу баласы**

Шағалинов Орманның

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Директор-редактор

Жомарт Жақыпов

Құрылтайшы:

ШҚО Қаржы басқармасы.
Өкілетті орган: ШҚО Ішкі саясат басқармасы.

Телефондар:

Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60,
Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.
Бухгалтер - 2-19-96.
Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.
Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.
Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
e-mail: arai-luch@mail.ru

Компьютерлік беттеу операторы:
Жайдары Нұрғазина
Газет нөмірі бойынша кезекші:
Жанар Қасымханова

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 25. 06. 2013 жылы № 13707-Г тіркеу туралы куәлік берілген.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» ЖШС-нің компьютерлік цехында теріліп, беттелді.

Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Космос к-сі, 6/3.
Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады.
Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. Индекс: «Арай» 6 айға - 19230, 12 айға - 19231; «Луч» - 6 айға -19232 12 айға - 19233. Нөмірдің таралымы - 3118 дана: «Арай»-1810, «Луч»-1290.
№ 5692 тапсырыс.